



## ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй мекенжайында орналасқан "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) осымен 2019 жылғы 30 қыркүйекте, 10 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй (Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері), мәжіліс залы, 3-қабат мекенжайында, келесі күн тәртібімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі - Жиналыс) шақыру туралы Қоғам Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімі жөнінде өз акционерлеріне хабарлайды:

1) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

2) Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

Жиналысты шақыруға бастамашылық етуші Қоғамның Директорлар кеңесі болып табылады (2019 жылғы 26 тамыздағы №12 шешім).

Жиналыс қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты – 2019 жылғы 30 қыркүйек, 09 сағат 00 минут.

Жиналыс қатысушыларын тіркеуді аяқтау уақыты – 2019 жылғы 30 қыркүйек, 09 сағат 45 минут.

Кворум болмаған жағдайда, Жиналыс 2019 жылғы 1 қазанда, 10 сағат 00 минутта сол күн тәртібімен, сол мекенжайда қайтадан өтеді.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні – 2019 жылғы 30 тамыз, 00 сағат 00 минут.

Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Жиналыс өткізілетін күнге дейін 10 күннен кешіктірілмей, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй, 12-қабат, 1212-кабинет мекенжайында орналасқан Қоғамның ғимаратында, жұмыс күндері сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін, сондай-ақ [www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz) сайтында қол жетімді болады. Қоғам акционерінің сұрауы болған жағдайда, Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар сұрау алынған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде осындай акционерге жіберілетін болады, бұл ретте, құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу үшін шығындарды акционер көтереді.

Жиналысты өткізу тәртібі:

- Жиналыс келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеуден өткізгеннен кейін ашылады. Акционердің өкілі Жиналысқа қатысуға және дауыс беруге оның өкілеттігін растайтын сенімхат ұсынуы тиіс. Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және оның дауыс беруге қатысуға құқығы болмайды;

- артықшылықты акциялардың иесі болып табылатын акционер Жиналысқа қатысуға және қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы;

- Жиналысқа шақырылған тұлғалар да қатыса алады, бұл ретте осы тұлғалар Жиналыс төрағасының рұқсатымен Жиналыста сөз сөйлей алады;

- Кворум болған жағдайда, жиналыс хабарланған уақытта ашылады;

- Жиналыс осы Жиналыстың төрағасын сайлайды. Қоғамның корпоративтік хатшысы Жиналыстың хатшысы болып табылады;

- Жиналыс өз жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселенің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы;

- Жиналыс күн тәртібіндегі мәселе қаралғаннан кейін және ол бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.

Жиналыс өткізудің өзге де мәселелері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қоғамның Жарғысымен белгіленген.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сырттай дауыс беру көзделмеген.

Жиналыс «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-52-баптарына сәйкес өткізіледі.